

Н.Ж. Сарсенбеков, Ш.А. Жетписбай

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қазақстан
(E-mail: nsarsenbekov@bk.ru)

Қазақ дүниетанымындағы ой мен сөздің диалектикалық байланысы және практикалық көрінісі

Қазақ халқы ежелден ақыл мен ойды қастерлеген. Осы негізде даналардың, билердің, шешендердің терең ойларын, тамаша сөздерін ұрпақтан-ұрпаққа ауыз екі сөз өнерімен жеткізіп отырған. Сондықтан да көне заманда айтылған бабаларымыздың ақыл, нақыл сөздері бүгінгі мәдениетімізбен терең байланысып, ұштасып жатыр. Халқымыздың дәстүрі бойынша белгілі адаммен дастархандас болып, оның тың өнегелі әңгімесін тыңдау, ой түйіндерін есту айрықша құрмет, ерекше мәртебе болып саналған. Сонымен қатар, ата-аналар ұрпағын аңыз-әңгіме, өлең-жыр, мақал-мәтел, хисса-дастандарды әдіс ретінде қолдана отырып, ұлттық дүниетаным жүйесінде тәрбиелеген. Ең негізгі мақсаттарының бірі – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан осынау тау сілеміндей мол мұраны барынша бағалап, ізгі дәстүрдің, үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білу – басты парыздарымыздың бірі деп ойлаймыз. Бүгінгі таңда біздің қай-қай ісімізде болмасын, табандылық, белсенділік бәр-бәрі сынға түседі. Жаңа жағдайда жаңаша ойлай білу, дүниені дұрыс түсіне білу биік белестерге шығарады. Жоғарыда көрсетілген тұжырымдарды ескере отырып, болашақта жас ұрпақты қазақ халқына тән ойлау қабілетінің ерекшелігіне үйретіп, сөз құдіретін мейлінше еркін қолданып, оны түсініп, философиялық сөз кестесін киын сәтте, қажет жағдайда қолдануға тәрбиелеу соны маңызды құбылыс деп есептейміз.

Кілт сөздер: ақыл, ой, сөз, сөз қуаты, даналық, тапқырлық, таным, диалектика, білім.

Кіріспе

Қазақ ойлауында ғажап диалектикалық сезім бар. Қазақ ойлауы айтысқа, сайысқа, сұхбатқа, диалогқа негізделіп келеді және басқа халықтарда кездеспейтін импровизация түрінде беріледі: қазақ ақындары, билері мен шешендері өз ойын алдын-ала дайындап алмайды, талас-тартыс тұсында табанда суырып салып, қарсыласына атқан оқтай дәл тигізеді.

Тілімізде «би», «шешен» деген сөздердің әлдеқашан бір мағынаға бірігіп, бірін-бірі ауыстырып кеткені белгілі. Бірақ, би болу үшін бір ғана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Шешен би ең алдымен елінің шежіресін, тарихын, ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-талап, соғыс-бітім мәселесін реттеу тәртібін, екінші сөзбен айтқанда, әдет заңын жетік білуге тиіс. Қарапайым қазақтың баласына табиғат тамаша ақыл, ерекше ойлау қабілеті мен тіл берген [1; 91].

Мақалада арқау болып отырған қазақ дүниетанымындағы ойлау мен сөз мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Қазақ халқының ертеден келе жатқан өзіндік философиясы бар. Олар сонау әл-Фараби, Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұни, Қорқыт, Асанқайғы, одан кейін билеріміз – Төле, Қазыбек, Әйтеке тұрғанда қазақтың ұлттық рухани ой-жүйесі дамымаған деп кім айта алар? Билеріміздің шешендігі, хандардың даналығы, жыраулардың толғауы, кешегі Абай, Шоқан, Ыбырай алдындағылар философиялық қазыналар емей немене.

«Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табатынын» білген халқымыз әрбір сөзді орынымен, халық пайдасына сай қолдануға барынша тырысқан. Елдестіркем елші сөз кестесін келтіре отырып, халыққа көл-көсір пайда әкеле білген. Ел мен ел, ру мен ру, ағайын-жат арасында болып тұрған келеңсіз дау-дамайларды барынша екі жаққа да тиімді шешуге тырысып, ымыраға, бейбітшілікке шақырып, келісімді үндеу тастаған.

Сөз саптау ұғымының мазмұны сөйлеу тәсілі тұрғысынан алып қарағанда түрлі үлгілер арқылы анықталады. Олардың қатарына «тауып», «қазып», «жарып» сөйлеудің небір көзқарасты үлгілері жатады. Солардың бірі мақалдап сөйлеу. Мақалдап сөйлеу шешендік сөздердің арнау, толғау, билер дауы түрлерінің бәрінде де кездеседі. Мақал-мәтелдер бірде дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалар ретінде қолданылса, енді бірде философиялық кең ауқымды ой кешудің нәрі, тұздығы ретінде қолданылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында танымдық, пікірталастық, жалпы, жеке, әдістері пайдаланылды, атап айтқанда: гносеологиялық, диалектикалық, логикалық, талдау, индукция мен дедукция, салыстырмалы және т.б.

Пікір-талас

Даналық барлық халыққа тән құбылыс. Соның ішінде қазақ даналығы өзіндік қасиетімен ерекшеленеді. Мысалы, қазақ халқына тән ол естіген, көрген нәрсесін есте сақтап қалу қасиеті. Ол ең алдымен қазақ халқында жазба әдебиетінің, жазба дәстүрінің дамымағандығына байланысты. Елдің тарихы, ел басынан өткен ұлылы-кішілі оқиғалар, тарихи қайраткерлер туралы деректер, ақылды-аталы сөздер мен өнеге-өсиеттер, осылардың барлығы қағазда емес, халық жадында өлең-жыр, аңыз-әңгіме болып сақталған, ел аузында өмір сүрген. Ұлттық тарихымыздағы ойшыл-кемеңгерлердің айтқан шешен сөздері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, қазақ халқының фольклорында, халық ауыз әдебиетінде ерекше орын алып, дерекнама қорын молайтты. Бұдан түйіндейтініміз, халқымыздың рухани өмірі аса бай, әсіресе, ауыз әдебиеті кең тараған. Қазақ кез келген құбылысты өлеңге айналдыра білген. Шыны керек, кең сахараға тән еркін ойлаушылық, ықылым заманнан бергі уақытта ата-бабаларымыздан қалған данышпан, нақыл сөздердің шашауын шығармай, бір жүйеге келтіре сақтап, өзгеріссіз жаттап алушылық және әр кезеңде болашақ ұрпаққа мұра ретінде жеткізу қазақи философиялық ойдың дамуында, тарихында керемет құбылыс. Көшпенді халықтың осындай ерекшелік қабілетін Шоқан Уәлиханов былайша бағалайды: «Қазақ өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлықтай сақтай білген. Одан да өткен ғалабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе өлең-жырлар еш өзгеріссіз, бір қолдан шыққандай қайталанатынын қайтерсіз. Көшпелі сауатсыз ортадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса, нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтыны шындық».

Тарихта ойлау табиғатын түсіндірудің әртүрлі жолдары болды. Осылардың ішіндегі неғұрлым кең тараған түрі ойлық туындыларды тілдік туындыға, ойды тілге телу тенденциясы болды. Түсіндірудің мұндай жолының, сөзсіз белгілі дәрежеде маңызы бар, өйткені, тек тіл ғана ойды бейнелеудің ең бірінші және объективтендіру құралы болып табылады.

Қазақ дана халық, сонысымен де дара халық. Қазақ рухани дүниесіндегі даналықтың дүниетанымдық негізі оның болмыстық қасиетінен көрінеді. Бұл – халқымыздың ұлттық рухани философиясы, жоғары деңгейдегі танымдылығы, адам баласының рухани мәдениетінен мол хабары бар дарашылдықтың жалпылығы, ұлттық мінез, ұлттық тарихтан бастау алатын адамның болмыстық қасиеті. Даналық қасиет — өткенді таразылау, болашақты болжау, қазіргі істің түйінін ашу сияқты күрделі ой-әрекеттермен тығыз ұштасқан.

«Басқа пәле – тілден». Данышпандықтан туған тұрлаулы тұжырым, өнегелі ғибратты сөз. Нақты сөзге айналған, философиялық ой-түсініктің негізгі мазмұны сөз өнері, тіл өнерінің қадірін, күдіреттілігін түсіне білу де жатыр. Бұдан түйіндейтініміз, кемеңгер ойынды халқыңа айтып жеткізе білер тілің болмаса, білгеніңнен не пайда. Қазақтың сөзге көсем, ділмар билері мен шешендері сияқты даналар сөздің қадір-қасиетін, ондағы ой-пікірдің қадір-қасиетімен өлшеген. Данышпанның танымында сөз өз бетімен құрылып жақсы да, жаманда бола алмайды; «Ой, ойдың жүйесі жаман болса, оны жеткізіп тұратын сөзде жақсы емес, егер сөз жүйесіндегі ой жақсы болса, онда, сөздің өзі де жақсы. Сұлу айтылған сөздің мәні мен мағынасы таяз болса, бұл – ақылдың, ойдың мешеулігінің белгісі, ал сөздің мәні мен мағынасы терең келіп, оның айтылу реті бұзылып жатса, бұл – шешеннің сөйлеу өнеріне тән кемшілік [2; 46, 47].

Бұл жерде ғұлама аз сөзге көп мағына берген, әрі әрбір сөздің мағынасының аясын кеңейте білген ділмарлығы да ерекше дараланып тұр.

«Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт.

Не сөйлейтініңді біл,

Кімге сөйлейтініңді біл,

Қай жерде сөйлейтініңді біл,

Қай кезде сөйлейтініңді біл,

Қалай сөйлейтініңді біл», — деген екен. Айтылған сөздің астарында қыруар қордалы, арналы ағымды философиялық ой жатыр.

Қазақ даналары, би-шешендер мұрасы – ұлт, замана, мемлекет тағдырын, өмір, тіршілік, тұрмыс құбылыстарын, адамгершілік дүниесін жан-жақты қозғап, елдің таразылайтын, ғаламат тұжырымды, тұрлаулы пікірлер қорытатын, нәзік талдаулар жасайтын, туған халқының ақыл-ой дәрежесін, рухани болмысын танытатын теңдесі жоқ өмір оқулығы. Даланың дархан даналары «Көп сөз басты жерге әкеліп иеді, сөз білгенге патша тағы тиеді» (Ж.Баласағұни), «Ойлы сөз көпті ұтады, ойсыз сөз басты жұтады». (А. Игүнеки), «Қылыштай тілмен жаһанды женуге болады» (көне жазу ескерткіші) деген қанатты ойлар өрбітіп, сөз құдіретіне табынған, баға жетпес гауһар деп түсінген. Шешендік өнер тарихында әрқайсысы жеке бір дәуірге лайық осынау дүлдүл ділмарлардың ойлау ерекшелігі, кең құлаштылары, ұтқырлық, тапқырлық, алғырлық қасиеттері, тіпті мейлінше оралымдылығы, салыстыруға сұңғылалығы, жалпыдан жекеге, (дедукция), жекеден жалпыға (индукция) аналогиялық ой-қорытуларға орасан әрекет, сыншылдық қабілеті, логикалық жүйелілігі таңдай қақтырады.

Тағы бір байқағанымыз, айтар өнегелі сөзін, батасын жұмбақтап жеткізу арқылы ақылгөй дана қариялар сөз өнеріне бой ұрған ұрпақтарының берген жауаптарының негізінде олардың шебер сөзге, даналыққа деген ынтықтарын сыннан өткізсе керек. Бұл да өзінше бір даналықтың шындау мектебі еді. Қазақ даналығының тағы да бір ерекшелігі қазақтың ойлау әдісінің метафоралығында. Яғни, айтатын ойын жұмбақтап, тұспалдап, мақалдап жеткізуде. Әрине, бұлардың әрқайсысы өзінше жеке дара күйінде кездеспейді. Қайта бір-бірімен бірігіп, қойындасып, өзара байланыста болатын сөз саптау тәсілдері түрінде кездеседі. Көп жағдайда дана билер, шешендер айтқалы отырған затты немесе құбылысты, оқиғаны айқындай түсу үшін оларды өзге бір зат, құбылыспен ауыстырып, алмастырады. Сөз болып отырған құбылысқа бейнелі балама тауып қолдану арқылы шешендік ойын тереңдетіп, оған тың мазмұн негіздейді, сөздің әсерлілігін күшейтеді.

Даналық сөздерде қолданылатын метафоралар беретін мазмұны мен мағынасы жағынан дана адамдардың көңіл-күйімен, көзқарас түсінігімен тығыз бірлікте үндесіп айтылады. Дана билер шешендік сөздерінде метафораның қай түрін қолданбасын, бәрін өздерінің ең түпкі негіздеген мақсаттарына бағындырған. Бұл билердің ортадағы құбылысты, оқиғаны сын көзбен сараптап, бақылайтындықтарын байқатады. Соданда олардың метафоралары бірде ой-қиял, сезімді тербеп, ерлікке, батылдыққа шақырса, бірде қоғамдағы өрескел, жат қылықтарды шенеп, кекесін мысқыл түрде болып келеді. Даналық сөздер де бидің айтпақ болған ой-пікірін бейнелі, көркем сөзді тұспалмен жеткізеді. Ондай жолдардың үнемі шындық өмір тәжірибесін бір қорытындыға келтіру сарыны, ой-зердесінен туған байлам-тұжырымды бірден байқауға болады. Сонымен бірге, тұспалдап сөйлеу мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешерде халыққа жария болмауы үшін пайдаланылған. Әрі басқа адамдар түсінбеу үшін өзара пікірлескенде жұмбақтап сөйлеу қолданылады. Оған дәлел орыс елшілігіне байланысты үш ұлыс бидің кеңесіндегі даулы мәселе.

Үшеуі Күлтебеге таяу әсем көлдердің бірінің жарқабағында отырған болатын; ұзақ кеңестің аяғына қарай, су бетіне бір топ қаз келіп шүпірлей қона кетісті, осыны байқап отырған, көреген Теле би тұрып:

– Япырай, мына көлдің аларма еді қазын атып, - деген уақытта Қазыбек:

– Оғым шығын болмасын сазын атып, - деп қолма-қол іліп әкетті. Сол кезде етігін қағып, көгалдан кейіндеу тұрған Әйтеке:

– Шешілмейтін пәлеге қап жүрмейік, қаз екен деп перінің қызын атып», - деп тұжырымдайды.

Осы ұйқасты да мәнді үш ауыз сөзбен, осы пікірмен үш ұлы би мәслихатта елшілікті аман-сау қайтармаққа бәтуаласқан екен.

Кез келген ұлттың философиялық ойының өмір сүру формаларын, оның философиялық ойының тарихи кезеңдерін көре аламыз. Қазақ халқының даналық ойының дамуы біртұтас қалыпта көрініс береді. Себебі, қазақ халқында философиялық ой-шешендік сөздер, нақыл сөз, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, поэзия арқылы беріледі. Көркем сөз зергерлері өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды дүниетанымы негізінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, рухани өмірімен, табиғат құбылыстарына, адам өміріне белгілі бір маңызды оқиғаға немесе өз басына деген көзқарасын білдіретін философиялық ой-толғаныстар, даналық ой-тұжырымдар болып келеді. Енді бір арнасы адам баласының бойында болатын небір асыл қасиеттер туралы ақыл-ой даналығы ұлы мұрат, ізгі мақсаттармен сабақтасып жатыр. Адам баласының рухани игілігіне айналған тау суындай тасқындарын сөз өнері мен арқылы поэзия сонау Асанқайғы, Жиреншелерден басталып, халық даналарының өздерінің дүниетанымының қазына-қайнарына айналған еді. Халық даналығы ұлттық болмыс пен бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырған рухани мұраларды өмірге әкелді.

Ал кез келген халықтарда ерте уақыттан бері қалыптасқан өмір салты, рухани мұрасы-сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Тек оны тани білер көз, түсіне білер халық керек.

Даналық болмыс адамның өткен-кеткен өмірінің мәнісін, баянды болашақ жайлы мәңгілік ұғымдарымен кезектес ой толғаныстары, тұжырымдары арқылы әрбір дана тұлғаның шығармаларында ой өрісін аша түскен. Туған жердің топырағын, күллі тіршілік-тынысын сезіну ғана дара тұлғаны даналықтың шырқау шыңына көтереді. Олардың көтерген мәселелерінің әрбір ой қорытындыларында көрегендік, философиялық терең астарлы ой салмағы жатады. Демек, олардың шын мәнінде дүниетанушылық сыры да осыдан аңғарылады. Дара тұлға – бір қалыптан шыққандай өз тегі, ел заманының ортақ ұлы ғана емес, ол қайталанбас дарынды дара тұлғасымен, ой және тіл шебері мен, ерекше қатынас көзқарасына өзі жасаған төлтумаларында өз қолтаңбасын, өз нақышын қалдыра алатын адамдар ғана танылады.

Төле, Қазыбек, Әйтеке билер – билік, шешендік өнерінде зергерлік сөз дәстүрін жалғастыра отырып, өз шығармаларында сөз құдіреті мен оның қасиетіне терең бойлаған, тағылымдық маңызын есте жоймайтын үлгілерін қалдырған. Үкім-кесім, биліктерінен туған терең ойшылдық, рухани жан байлығы, сөз құдіретін көкірек көзімен сезіне білу қабілеті жалпыадамзаттық маңызы бар мәселелерде, дүниедегі, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың мәнін ашуға жан-жақты септігін тигізсе керек. Логикалық таным жүйесі олардың өмір тәжірибесінің қорытқан өзіндік ой түйіндеу ерекшелігі өрісінен көрінеді. Сонымен бірге ойдың логикалық дара мәнділік сипатын даналардың ой-талғамдарындағы диалектикалық толассыз тіршілік мазмұнын тани аламыз.

Дүниені түсіне білу қашан да уақыт, дәуір тынысы арқылы айқындалады. Табиғаты әр қилы әлеуметтік мәселелерде жеке тұлға, заман талабынан ешқашан бейтарап қала алмайды, олардың шығармаларынан әрқашанда әлеуметтік, философиялық дәуір сарынын көреміз. Себебі, адам әрқашан да бірегей заңдылық бойынша дамиды. Бұл орайда айтпағымыз аумалы-төкпелі күрделі де қилы заманда ғұмыр кешкен, рухани таза болмысымен, даналығымен батырлық, шешендік өнердің шыңына көтерген ақыл-ойы алып дара Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің жер тағдыры, ел тағдыры үшін жасаған қызметтері, сіңірген еңбектері. Осындай ата-бабаларымыздың өнегесін жалғастырушы тарихи-мәдени ұрпақтар сабақтастары, сайып келгенде, біздің ұлттық мәдениетіміздің, баянды болашағын айқындауға барынша себебін тигізері анық. Себебі, әр халықтың дәстүрлі дүниетанымының көзқарасына терең үңілу арқылы ғана сол халықтың талғам деңгейінің тереңдігін тануға болады.

Даналық пен адамгершіліктің бірлігімен ара қатынасы адам баласы игілігіне рухани ақыл-парасатына, терең ойшылдық ерекшеліктерін, ізгілік қасиеттерін жарата білумен айқындалады. Мұны біздер халықтар даналығы қорытқан қазына байлық, өмір тәжірибесі қорытқан рухани мұраларды ізгілік, игілігі ретінде көзбен танып, көкірекпен қабылдай білуімізден көрінеді. Адамзаттың рухани дүниесін жетілдіруде тарихи тағылым сабақтары, өнер иелерінің өнегелі істері ерекше рөл атқарады. Би-шешендердің жер тағдыры, ел тағдырына қатысты іс-әрекеттерді көкірек көзімен сезе білу қасиеттері логикалық ой жұмысының шешімді серігі, рухани демеушісі. Дала демократиясының дарабоздарының осы кезеңде мемлекет қайраткері деген құрметке ие болуының өзі тегін емес еді. Себебі, ерекше тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметі қазақ халқының тарихындағы бетбұрыс кезеңімен тұспа-тұс келеді. Әрқашанда елдің азаттығы, тәуелсіздігі, береке-бірлігінің тірегі-мемлекет, ондағы халықтың білім парасаты, қадір қасиетімен негізделген. Сол халықтың еркіндігінің өзегі бұл адамды адаммен, елді елмен табыстыра білген, жақындастыра түскен шешеннің тілі болса керек. Ойлау мәдениетімізде ұлағатты дәстүрден бастау алған үлгілі саңлақ ой, салиқалы зерделеу сарындармен әдебиет, өнер, философия тарихында ұлы адамдар ретінде аңызға айналған еді.

Сөйлеу мәдениетінің ерекше белісі – дәлділік. Дәлділік – анық, ұшқыр ойдан туады. Шешен ана тілінің көркемдік қазынасын және өз тілін жүйрік білгенде ғана, сөзді қолдану, оны мәселемен байланыстыру тәсілдерін, көп мағыналы сөздердің, құпия сырларын, қанатты нақыл сөздерді еркін әрі нақты пайдаланады. Бұл ретте шешен-билердің сөздерінде дәлдік, айқындылық мейлінше жоғары деңгей дәрежеде көрінеді. Сондықтан да оны қазақ әдеби тілінің негізі, арналы саласы деуге болады. Шешендік қабілет, рух ой-пікірді, лебізді ерекше ырғаққа келтіреді, кестелі сөзге айналдырады. Сөз саптау, ой толғау нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның сипат-ерекшелігіне байланысты не асқақ, не көтеріңкі, не бәсең қалыпта айтылады. Шын дарын мұны ескеріп елейді. Айталық, Бөлтірік шешен сүйегі сұлу жақсымен жанасқанды, онымен тіл табысқанды жарқырата суреттейді:

Жақсыменен жолдас болған,
Ел ұстанған тіректей болады,

Қыз ұстаған жібектей болады,
Жадыраған жаздай болады,
Айдын көлдегі қаздай болады,
Отау ортасындағы оттай болады,
От ортасындағы шоқтай болады,
Тұрағы алтын шырақтай болады,
Тұяғы алтын пырақтай болады...

Жақсы адамның ізгілігі, ірілігі, жібектей жаны таза көңілі турасында осылайша тебіренбеске болмайды. Ажарлы ой мәнерлі тілмен өрнектелген, тәртіпті, қуат-сымбаты ерекше сөйлемдермен көмкерілген. Тыңдаушысының ой-қиялын заңғарға самғатады. Шешен сөйлеу біліммен, өнермен, тәжірибемен төркіндес. Бұған қоса, шешеннің рухани келбеті айқын көрініс табады. Әрі биік парасат пен терең философия ұштасады. Сөйлеу мәдениетінің ерекше белгілері сөздің дұрыстығы, дәлдігі – айқын ойлаудан, биік дүниетанымнан туады [3; 65].

Қазақ билеріне тән шешендіктің қайнар көзі халықтық шығармашылықта жатыр. «Ұшса құс қанаты талатын» сайын далада шаруа күйттеген қазақтардың көшпелі өмір салтын қалыптастырған төл мәдениеті адамзат өркениетінің бір пұшпағы ретінде сан ғасырлар қойнауынан, небір замана тездерінен өтіп, бүгінгі күнге де жетті. Бір кездерде болған жазу-сызуын жоғалтып алған жұрттың рухани қазынасын сақтау ісі бар қиыншылық-ауыртпалығымен халық зердесіне түскенді. Ұшықиыры жоқ иен даланың о шеті мен бұл шетінде қаймағы бұзылмай сақталған халықтың өзі бойтұмардай қастерлеген осындай рухани жәдігерлердің бірі – билер сөзі. Сөз құдіретіне табынатын «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, тапқырлық пен ой еркіндігін барынша қолдаған халықтың сана-салты аясында ғана шешендік өнер кеңінен қанат жаймақшы. Шешендік өнер ең алдымен белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Оның негізгі мақсаты – көпшілікті бір ойға ұйыту, бір пікірге иландырып, бой ұсындыру, қисынды, жүйелі сөздің қорытынды түйінін, яғни, төрелік шешімді ризалықпен қабылдату. Шынайы шешендік шындыққа жақын келеді, мұнысымен ол диалектикаға жанасады. Дұрыс ойлаудың ғылыми құралы өнердің ең көне түрлері – ақындық пен шешендікке арқау болып келгендігі ақиқат нәрсе. Әл-Фараби: «Логиканың ойға деген қатынасы – грамматиканың тілге деген қатынасымен бірдей болады», – деп тұжырымдаған екен. Демек, логика дұрыс ойлаудың құралы болса, грамматика дұрыс сөйлеудің құралы деген сөз.

Яғни, айқын түсінбегенді айқын айта алмайсың; сөйлемдердің дәл еместігі мен шатысушылығы тек ой шатысушылығын ғана көрсетеді.

Қазақ елінің рухани дамуында би-шешендер өз дәуірінің дана ойшылдары ретінде таныла білген. Бір сөзбен тоқсан ауыз сөздің түйінін айта отырып, арасындағы біраз дау-жанжалды шеше білген данышпандар ел заманында халықтың сөз бастар көсемдері ретінде тарихта қалды. Шешендіктің маңызымен болмысы халықтың бай таусылмас қазынасы – тілінде. Қазақ халқының тілінде, шешен сөздерінде, мақал-мәтелдерінде ой мен болмыстың қарым-қатынасы үйлесімдік сәйкестікте көркін табады. Болмысты ой, ойды тіл арқылы ашып беріп отырады. Сондықтан, тіл әрбір халықтың ойлау мәдениетінің ерекшелігін өзінде сақтап тұрады. Кез келген халықтың ойлау мәдениетіне бойлау үшін оның тілін меңгеру қажет.

Қазақ аңыздарындағы Жиренше шешен, Қожанасыр мен Алдар көсе, тағы басқа толып жатқан кейіпкерлер негізінен алғанда кедей болып келеді. Бірақ, олар ақылға бай, дана, алғыр ойлы жандар. Олардың бір ерекшелігі тосыннан алғыр ой тауып, сөзбен қарулануында.

Шешеннің көркемді-философиялық ойлау жүйесі неғұрлым қуатты болса, тілі де соғұрлым бейнелі, толқынды келеді. Суреттегіш бейнелегіш және мәнерлегіш құралдар, небір құбылыстар, ажарлаулар бұрқыраған ойдан туады. Ойлауға қатысты құбылтудың көрнекпен шендестіру. Уәли хан қайтыс болғанда, Байдалы би Айғанымға сезін жоқтаумен бастап, соңында төмендегідей тоқтау айтады:

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
Қайғы деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт, сенім, өсек бар,
Қуанып, қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,

Қуартып отқа жандырар.

Мен қайғынды қозғағалы келгем жоқ.

Қайратыңды қолдағалы келдім деген екен. «Қайрат деген қыран», «қайғы деген жыланға» қарама-қарсы қойылып, «қайғыға тізгін бермейтіндігін» шебер жеткізсе, соңғысы «өзекті шағып өртейтіндігін» елеулі түрде қарсы қоя сипаттап айтады. «Үміт, сенім, өсек» қуаттандыратынын, «жылау деген азаптың» «қуартып отқа жандыратындығын» көрсетеді. Көркем ойлаудың кеңейтіп көркейтетін бітімі бөлек ғажайып шендестірулер әуезді, сазды, үйлесімді келетіні даусыз.

Асылы, билер сөзі – көркемдік, суреттік сырларымен, ыстық лепті, мөлдір мағыналы, айшықты оралымдарымен, қанатты ойларымен, кемеңгерлік ғибраттарымен көркем [4; 144, 145].

Алғашқы кезде адам баласына дүние деп заттардың жаратылыс құбылыстарының барлығы, олардың сыры, неден жасалатындығы мәлім болмаған, жұмбақ болған. Бірақ, адам баласы сол жұмбақты шешуге тырысқан, бөлу жолын қарастырған, айнала қоршаған жаратылыс дүниесін, оның құбылыстарын, еңбек-кәсіп құралдарын, әртүрлі хайуанаттар жайын бір-біріне салыстыру арқылы тануды көздеген. Ол үшін өздеріне таныс бір затты екінші бір бейтаныс затқа салыстыра отырып немесе сол заттардың бір-біріне ұқсас белгілеріне қарап, олардың қандай зат екендігі, неден шыққандығын анықтаған. Жұмбақтардың алғашқы үлгілері осылай шыққан [5; 13].

Бертін келе, адам баласының ой-өрісі, дүниетанымы, білім көлемі ұлғайған кезде, жаратылыс дүниесінің және заттардың шығу көлемі ұлғайған кезде, жаратылыс дүниесінің және заттардың шығу сырын анықтап аңғарған кезде, жұмбақтар алғашқы қалпынан өзгере бастайды. Бұл кезде шығарылған жұмбақтарда адамға таныс заттардың немесе жаратылыс құбылыстарының сыртқы белгілері ғана алынады, соған қарап жұмбақ шығарылады. Жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырын ұстайды. Сондықтан да ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз.

Жұмбақтың алғашқы үлгілері ерте кезден адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, еңбек-кәсіп ету жайларына байланысты туып, кейіннен халық өмірімен біте қайнасқан, өзінің қалыптасу және даму процесінде жаңа мазмұн, жаңа тақырып алып отырады. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, жұмбақ – өсу, ұлғаю үстінде болған, әрбір тарихи дәуірлер туғызған жаңалықтарды бойына жинай білген. Қай кезде болмасын, жұмбақты еңбекші халық ұтымды сөз, оралымды ұшқыр ой, өткірлік, тапқырлық ретінде қолданған. Мұнымен қатар, жұмбақтың білім берерлік, білмегенді білуге ұмтылдырарлық қасиеті барлығын халық жақсы түсінген. Және бір негізгі қасиеті, жұмбақтар — адамның ойлау процесінің дамуына елеулі әсерін тигізеді. Сондықтан, жұмбақ халықтың күнделікті өмірімен ерекше орын алып отырған [6; 25, 26].

Қазақ халқының рухани өмірінде ерекше рөл атқарған, ойлау процесінің тез дамып жетуіне айрықша үлес қосқан – жұмбақтар. Жұмбақ жасыру – әр халықтың әріден келе жатқан дәстүрінің бірі. М.Әуезов қазақтың ертедегі әдет- ғұрып салтында жұмбақтың ерекше орын алатындығын айта келіп, былай дейді: «Кейде бүкіл бір ертеқ жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде өмірдің даналығын, ойға жүйріктілігін жұмбақпен сынау машық болған». Бұл тарихи шындыққа негізделген пікір [4; 151–153].

Ертеде адамның ойлау-ақылын жұмбақ жасыру арқылы сынау дәстүрі кеңінен пайдаланылған. Бұл жағдайлар көбіне-көп – ертегілерде кеңінен етек жайған. Қазақтың ертегілеріне мазмұн болған да немесе ондағы көп әңгімелердің түйінін шешетін де жұмбақ болғанын білеміз. Бұған «Қарттың ұлына айтқан өсиеті, «Қарт пен тапқыр жігіт», «Аяз бидің ертегілері» дәлел. Сондай-ақ ерте заманда күйеу таңдаған қыздар: «Жұмбағымды шешкен жігітке ғана тием» - деп, жұмбақты өнер салыстыру, жігіттің ақыл-ойын сынау ретінде қолданған. Бертін келе жұмбақ ақындар айтысынан орын алған. Айтысқа түскен ақындар бір-бірінің ақындық өнерін байқаумен қатар, білім көлемдерін де сынасқан; ол үшін бір-біріне жұмбақ берісіп, өнер салыстырған [7; 89, 90].

Жұмбақ тақырыптары сан-салалы, сан қырлы, өте көп. Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек-кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника және тағы басқалар. Жұмбақтар философиялық ой толғау ретінде келеді. Жұмбақтың қайсысы болса да, негізгі ойды образ, оралымды ұшқыр сөз арқылы білдіреді. Көркемдік суреттеу құралы болып табылатын теңеу, метафора жұмбақта көп қолданылады. Бір нәрсені екіншісіне теңеп, салыстыра отырып, образ жасайды. Мәселен, шегірткені:

Ат басты, арқар мүйізді,

бөрі кеуделі, бөкен санды,

— деп суреттейді де көз алдына оның кескін-пішінін елестетеді [6; 39].

Жұмбақ арқылы халық өздерінің ойын, талап-тілегін тапқырлықпен жеткізе білген. Жұмбақтың басқа да асыл сөз өрнегімен ерекше болу себебі, оған алдымен тапқырлық, алғыр ойлау қабілеті керек. Өйткені оны айтушы да, шешуші де тапқыр әрі жылдам ойлайтын адам болуы керек. Жұмбақтар біздің заманымызда да өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақтардың өте қажеттілігін жас балалардың, әсіресе мектеп жасындағылардың тіл шеберлігін, ой тапқырлығын меңгеруде айқын көрінеді. Қазіргі ата-аналар, өз балаларына беретін тәлім-тәрбиесінде осы жұмбақтарды баланың ойын, оның зердесін жетілдіру үшін пайдаланғаны жөн.

Ата-ана жастайынан баласына өзінің ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, тілі мен ділін бойына сіңіріп, сол жолға қарай бағыттап отыруы керек. Сондықтан, бұл жолда ең тиімдісі ауыз әдебиетінің философиялық ойға құрылған ерекше бір саласы — мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың бүкіл ғұмырының сөз кестесіне түскен тарихы, философиясы. Ол – даналық ойдың тұжырымы. Мақал-мәтелдер үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой-қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық жағдайларында кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәнді оқиғаларға берілген баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Мақал-мәтелдердің көпшілігінде тұжырымды пікір, астарлы ой мен қатар, белгілі ишаратта жатады. Саналыны селт еткізбей, ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Абстрактылық, сылдыр-сұйықтық бұларда болмайды. Сөз саралауы олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинақы, ықшам келеді. Айтылатын пікір, жасалатын қорытынды, берілетін баға толық дәлелденген, шындалып-шынайыланып, жонылып келеді.

Қазақ сөз өнерін аса қастерлеп, қадір тұтқан. Сол арқылы көптеген дау-дамайлар, ұрыс-жанжалдар, тіпті үлкен соғыстарда бейбіт жолмен шешіліп отырған. Өйткені қазақ ауыз сөзге тоқтаған, егер ол қылыштай өткір, терең мағыналы болса. «Айтылған сөз атылған оқ», «Сөз сүйектен өтеді». Ал, «Жүйелі сөз – жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады» дегендей, мәнсіз сөздер көп болып жатса, оған халық тиісті бағасын тағы да мақал-мәтелдермен беріп отырған: «Көп сөз – бос сөз», «Сөзі жаманның – өзі жаман». Мақал-мәтелдерді тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп бекер айтпаған болар. Олар қандай да болмасын пікірдің қорытындысы, ой тұжырымының формуласы іспеттес, яғни кеңес фольклорисі М.Рыбникованың сөзімен айтсақ: «Мақал – аяқталған пікір, біткен ой; мәтел – пікірдің элементі». Қазақ мұндайда: «Мақал сөздің тұздығы, мәтел сөйлем үздігі», - дейді. Тегінде мақал-мәтелдер адамды жүйелі сөйлеуге, өз ойын барынша түсінікті, қысқа да нұсқа жеткізуге, сөйтіп, әділ шешім қабылдауға тәрбиелейді. Аз сөйлеп көп өндіру – өнер. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір». Бұлар сөз құдіретінің ойлаудағы шынар шыңы, ең жоғарғы сатысы. «Сөздің көркі – мақал». Мақалдап сөйлеу қара қылды қақ жарар қылыш сияқты, екі сөз жоқ. Ойға ерекше мән беріп, әсіресе ой-тұжырымының дұрыс қалыптасуына себеп болады. Сөзде терең мағына болмаса, мақал-мәтелдер болмас еді, егер мақал-мәтелдерсіз сөздің мағынасы ашылмайды. Бұлар сөз бен ойдың диалектикалық байланысы, шебер түйіскен орталығы. Мақал-мәтелдерден асқан нақты дәйек жоқ. Осынау сарқылмас сөз қазынасын қазақ ұлттық дүниетанымында кең түрде қолдана отырып, ой деңгейін тіл арқылы нақты суреттеп беретін ерекше сөз кестесін құрайды. Дана қазақ мұндайда: «Мақал – сөздің мәйегі, ойдың дәйегі», - деп қайырады. Жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық рухани ой-жүйесінің шоғыры биік болып қалыптасуына мақал-мәтелдер көмегінің маңызы зор. Балаға дұрыс тәрбие беру арқылы одан сол бойынша нәтиже шығаруға болады. Адам жасында қалай тәрбиеленсе, солай қалыптасады. Жас бала жас шыбық сияқты, қалай баптасаң сөйтіп өсетін. «Ұяда не көрсең, соны ілерсің».

Ерте кезден қалыптаса бастайтын қабілет пен дарындылықты дамытуға қол ұшын беру керек. «Бұлақ көрсең көзін аш». Жүйесін тапқан ой адамның ақыл-парасатын дұрыс іске бастайды. Мақал-мәтелдер адамның ойлау қабілетінің динамикалық процесі мен мәдениетін, жақсы сөйлеу стилін қалыптастырады. Жастар тәрбиесі туралы мақал-мәтелдер жеткілікті, тек дұрыс түсініп, қажетінше пайдалана білсе болғаны. Мына бір мақалға көңіл аударып көрейікші: «Тәрбие басы тал бесік». Ертеректе бір келіншек ауыл қартынан: - «Балам бір айлық, қай кезден бастап тәрбиелеу керек», - деп ақыл сұрай барыпты. Сонда қария: «тәрбиені сәби дүниеге келген сәттен бастау керек, сіз бір ай кеш қалыпсыз», - деген екен.

Өсе келе ата-анасын қадірлеуге, туған тілін құрметтеуге, елін, Отанын сүйуге, талаптанып еңбектенуге, өнерлілікке, қайырымдылық пен мейірімділікке, құрбы-достарын сыйлауға тәрбиелеу керек. Мысалы: «Ата-анаңның қадірін - балалы болғанда білерсің» деген мақал бар. Бұл, ең қадірлі жан – ата-анаң дегенді білдіреді. Әркімнің ең бірінші пайғамбары – әкесі мен анасы. Мақал-мәтелдер

халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір тәжірибесінің, салт-санасының тобықтай түйіні, даналық ойдың тұжырымы. Бұларда елдің эстетикалық идеясы мен рухани парасаты көрініс тапқан.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бір қасиеті – нанымдылығы, әсерлілігі. Айтқан адамына атқан оқтай дәл тиеді. Еңбек тақырыбы да кең ауқымда қарастырылады. Қазақ даналығында еңбек, еңбекқорлық аса бағаланады. Халық жас ұрпақты бала кезінен еңбекке баулиды, қажырлылыққа, табандылыққа, төзімділікке үйретеді. Жалқауды, еріншекті келеке қылады. Жалқаулықты ауруға теңейді. «Жалқау өзіне жау, қала берді еліне жау». «Жалқауға жолықсаң, сылтаудың астында қаларсың». Қандай тауып айтылған сөз! «Еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме». Жұрт қашанда сенделмемен бос жүрген қуыс кеуделерді, бейшараларды жек көреді, оларды түзетуге тырысады. «Ермек қуған пәлеге жолығады, еңбек қуған қазынаға мольғады».

«Еңбектің көзін тапқан – байлықтың өзін табады», – дейді қазақ. Еңбектің қай түрі болмасын еріккеннің ермегі емес, ол ынта-жігерді, талаптануды, білім мен өнерді, ретін таба білуді қажет етеді, қазіргі нарық жағдайында еңбектің көзін табу, өзіңе – қабілетіңе, біліміңе, өнеріңе лайық істі табу – аса маңызды мәселе болып отыр. Еңбек адамның өмір сүру тәсіліне айналса бұл өте заңды. Ақыл-ой, білім, өнер, күш-жігер, қайрат қайтіп көрінеді, сыналады? Әрине, еңбекте, ісінде ғана. Істің тетігі – адамда. Адам еңбек процесінің субъектісі, еңбек адаммен ғана атқарылады. Екінші жағынан, адамның сапасы, кім, қандай екендігі еңбекте көрінеді. Сөйтіп, осыдан кейін еңбек адамға жат бола ма? Адам мен еңбектің тұтастығы, бірге қайнасуы өмірдің заңы болып шығады. Халық даналығы бізді осыған меңзейді.

Үлкенді құрметтеп, олардан ақыл-үлгі ала білу керек. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейді. Бұл жерден көпті көру – көп білу, жинақталған тәжірибе, ой-тұжырымының терең қалыптасуы. Көргені мен білгенін көңіліне түйе білген қарттардың ақылымен жүру – сара жол. Оқымағандардың айтқаны кімге керек, «Жаман қазақ мақалшыл келеді», – дейтіндер де жоқ емес. Бірақ, сол бір дәріс алмаған бабаларымыздың қазіргі философиямызды түп-тамырымен қопарғанда, алдыларына жан салмайды. «Халқыңның қартын, еліңнің салтын сыйла», – деп бекер айтылмаса керек.

Жастардың елге, Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыратын бірнеше мақал-мәтелдер бар. «Ел іші алтын бесік» немесе «Отан оттан да ыстық». Адамзат баласы үшін өзінің туған елінен артығы жоқ. «Ер туған жерін, ит тойған жерін іздейді». Туған еліне адал қызмет көрсету – борыш. «Отан үшін отқа түс, күймейсін», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол». Біз қазақ мақал-мәтелдерінің айтар астары, жұмбақ сыры осылар деп түсіндік.

Сұлу да сырлы тілмен, бір шумақ өлеңмен терең философиялық ойды білдіру қазақ дүниетанымына ғана тән ерекшелік. Қазақ ойы көркемділігімен, тереңділігімен, шынайылығымен қатар бейнелі болып келеді. Махамбет өмірді, дүниені «өте шыққан қызыл гүлге», Абай – ағын суға, Шәкәрім – сағымға, Бұқар жырау қиын-қыстау, алмағайып заманды «көк тұманға» теңейді.

Қазақ халқы ойланып барып тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатыны жоғарыда айтылды. Оның үстіне ақындық пен шешендік өнерге айрықша мән берген. Әйел-еркек, кәрі-жас демей, сөз сайысына, өнер жарысына, ой жарысына түсуге соны еркіндік жасаған. Мұндай дарын иесі ауылының ең қадірлі қонағы болған, халық оларға есігін айқара ашқан. Сөз өнеріне деген осындай ілтипат түптеп келгенде, шешендік өнердің, халық философиясының кең құшақ жая өркендеуіне себеп болған.

Күнделікті тыныс-тіршілік барысында, көпшілік жиында көргені мен білгенін көкірегіне түйе білген данагөй бабаларымыз, ақылгөй аналарымыз болған оқиғаға, құбылысқа, мәнді жәйттарға мейлінше оң баға беріп, қатесі болса айыптап, жөн-жобасын ойлы-дана сөз кестесімен өрнектей көрсетіп, сара жолды айқындап отырған. Сөзге мақал-мәтел, қара өлең жолдарымен өлеңдетпей, тапқаттап сөйлемейтін қазақ сөздері мейлінше өткір, қара қылды қақ жарардай әділ және көздеген нысанасын дөп басады.

Қорытынды

Міне, осындай халқының даналық сөздерін, бұқаралық дәстүрлерін зерттеп білгенде жалпы риторика білімінің негізін салушы ежелгі Рим шешені Цицеронның бір пікірі еске түседі. Римдіктердің шешендік өнерді қалай игергендігі және халқының дарындылығы туралы ол былай деген екен: «...атақ құмар жастардың қайткенде шешендік өнерді үйренуге талпынбаған бірде-бірі жоқ шығар. Сонда әуел бастан теориялық білім дегеннен бейхабар, тіпті шешендік өнердің жаттығу тәсілі мен ғылыми ережесі бар деп ойына да кірмеген олар адам тек өз күшімен жете алатын сатыға

жетті. Оған жетуге маңызды, әр түрлі және сан алуан сот істерінің көптігі себеп болды. Соның нәтижесінде әркімнің өзінше талаптанып алған біліміне қандай оқытушының болсын үйретуінен артық, жиі жаттығулар қосылды. Ол кезде бұл өнермен шұғылдану қазіргі әрі даңқ, әрі бедел, әрі құрмет сияқты сыйға жеткізген» [1; 62].

Тарихымыздағы белгілі батыр-билердің, ақын-жазушылардың аталы, үлгілі сөздерін үйренбеген, үлгі алмағаны кемде-кем. Махамбет пен Бұқар жырау толғаулары, өлең жырлары шешендік сөзге, тапқырлық ойға толы. Белгілі ағартушыларымыз Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен, әсіресе жазған хаттарынан қазақтың дәстүрлі шешендік өнерінің үлгілері мен мұндалап тұрады. Әсіресе, қазақ философиясының классиктері Абай мен Шәкәрім, Мағжан шығармаларында ежелгі шешендік өнердің ықпалы айқын сезіледі. Өлең, дастандарды айтпағанда, Абайдың мақал-мәтелдерге, нақыл-насихатқа бай қарасөздерінде халық шешендігінің үлгісі мол екенін айтуға әбден болады деп ойлаймыз.

Алынған нәтижелер, олардың жаңалығы, ғылыми және тәжірибелік маңызы:

- тәрбиелік сипатта насихат жасалынды;
- қазақ дүниетанымындағы сөз бен ойдың арасындағы диалектикалық байланыс туралы түсінік қалыптасты;
- нақты дәлелдер нәтижесінде, қазақ дүниетанымындағы сөздің маңыздылығы сипатталды;
- сөз бен ойдың диалектикалық байланысына қатысты мысалдарды қолдана отырып, тәжірибелік сипат берілді.

Қадірсіз өнер халық жадында сақталмайды. Халық нені оң, нені дұрыс деп тапса, олардың шығармалары да соны құптайды. Халықта бір алтын іздеуші, ол талғап алады да сақтайды және сақтай жүріп олардың ең құндыларын, ең даналарын ондаған жылдар бойы өндейді.

Адамның адамшылығы оның әрбір ойлы сөзі мен ісінің ұштасып, бір жерден шығуымен анықталмақ. Сондықтан, әрбір сөздің астарында түйдек-түйдек ойдың жататынын ескере білелік.

Ынтымақ, бірлік, адамгершілік т.б. адамзат өміріндегі өзекті мәселелерді қамтитын, философиялық дана ойларға құрылған бұл ғибратты сөздердің берер тағылымы, тәрбиесі, мән-маңызы ғажап.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Адамбаев Б. Шешендік өнер / Б. Адамбаев. — Алматы: Ғылым, 1999. — 204 б.
- 2 Дадебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері / Ж. Дадебаев. — Алматы, 1996. — 180 б.
- 3 Адамбаев Б. Тозған қазды топтанған қарға жейді / Б. Адамбаев. — Алматы: Рауан, 1991. — 65 б.
- 4 Негимов С. Шешендік өнер / С. Негимов. — Алматы: Ана-тілі, 1997. — 208 б.
- 5 Ахан Б. Билердің сөз саптау үлгілері. Қазақ тарихы / Б. Ахан. — 2001. — № 2. — 13 б.
- 6 Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы / Т.Ы. Әбжанов. — Қарағанды, 2003.
- 7 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / М. Ғабдуллин. — Алматы: Мектеп, 1974. — 318 б.

Н.Ж. Сарсенбеков, Ш.А. Жетписбай

Диалектическая связь и практическое выражение мысли и слов в казахском мировоззрении

С древних времен казахский народ уважал разум и мысль. Исходя из этого, глубокие мысли судей, мудрые слова ораторов передавались из поколения в поколение через устное народное творчество. Поэтому слова назидания, произнесенные нашими предками в древние времена, глубоко переплетаются с современной культурой. Согласно традициям нашего народа, считалось особой честью сидеть за одним дастарханом с уважаемым известным человеком, слушать его рассказы, размышления. Кроме того, родители воспитывали молодое поколение в системе национального мировоззрения, используя в качестве методов — легенды, стихи, пословицы и поговорки. Одна из основных целей заключается в том, что мы считаем, что это наследие, передаваемое из поколения в поколение, является одной из наших основных ценностей, чтобы сберечь богатое наследие и внедрить его в нашу жизнь как источник лучших традиций, примеров и образования. В современных условиях способность мыслить по-новому, правильно понимать мир приводит к самым высоким вершинам. Учитывая приведенные выше выводы, считаем важным, в будущем обучить подрастающее поколение

особенностям мышления казахского народа, как можно более правильно мыслить и свободно использовать слово, понимать его, в необходимом случае используя философскую таблицу фраз.

Ключевые слова: разум, мысль, слово, сила слова, мудрость, изобретательность, знание.

N.Zh. Sarsenbekov, Sh.A. Zhetpisbay

Dialectical connection and practical reflection of thought and word in the Kazakh worldview

From ancient times Kazakh people respected mind and thought. On this basis, deep thoughts of judges, wise words of speakers were passed from generation to generation through oral folk art. Therefore, the words of edification spoken by our ancestors in ancient times are deeply intertwined with the modern culture. According to the traditions of our people, it was considered a special honor to sit at one dastarkhan with a respected famous person, listen to his stories, thoughts. In addition, Kazakh parents brought up the younger generation in the system of national outlook; a wide range of methods — legends, poems, proverbs and sayings are shown. One of the main goals is we believe that this heritage, passed down from generation to generation, is one of our main values to appreciate the rich heritage and introduce it into our lives as a source of good tradition, example and education. In new conditions, the ability to think in a new way, to understand the world correctly, leads to the highest peaks. Taking into account the above conclusions, we consider it important that in the future it is necessary to teach the younger generation the peculiarities of thinking of the Kazakh people, using the word as freely as possible, understanding it, educating in difficult times, in necessary cases to use the philosophical table of phrases.

Keywords: mind, thought, word, word power, wisdom, ingenuity, education.

References

- 1 Adambayev, B. (1999). *Sheshendik oner [The word from the world of thought]*. Almaty: Hylym [in Kazakh].
- 2 Dadebayev, Zh. (1996). *Boltirik Almenuly zhane kazak sheshendik oneri [Boltirik Almenuly and Kazakh oratorical art]*. Almaty [in Kazakh].
- 3 Adambayev, B. (1991). *Tozhan kazdy toptanhan karha zheidi [A worn goose eats a flock of ravens]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 4 Negimov, S. (1997). *Sheshendik oner [Oratory]*. Almaty: Ana-tili [in Kazakh].
- 5 Ahan, B. (2001). Bilerdin soz saptau ulhileri [Examples of word formation]. *Kazhak tarikhy*, 2, 13 [in Kazakh].
- 6 Abzhanov, T.Y. (2003). *Kazak rukinin filisofiasy [Philosophy of the Kazakh spirit]*. Karaganda [in Kazakh].
- 7 Gabdullin, M. (1974). *Kazak khalkinin auiz adebieti [Literature of the Kazakh people]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].